

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАФЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Ахмет Байтұрсынұлұ атындағы
Қостанай өнірлік университетінің
Басқарма төрагасы-Ректор
Қабылдау комиссияның төрагасы
С.Куанышбаев
2024ж.



**«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған
қойылымдарды ұйымдастыру»
білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық өмтихан өткізудің бағдарламасы**

Даярлау бағытының коды және атауы:

6B111 Қызмет көрсету саласы

Білім беру бағдарлаламалары тобының коды және атауы:

B092 Тынығы

Дайындаған:

Өнер кафедрасының менгерушісі



С.Айсина

Келісілген:

Ө.Сұлтанғазин атындағы

педагогикалық институтының директоры



К.Есиркеordova

Бағдарламаны педагогика магистрі, өнер кафедрасының менгерушісі Айсина С.Т., ага оқытушы Шамбетов Б.Р. әзірледі.

МАЗМҰНЫ

Нормативтік база.....	4
Жалпы ережелер.....	4
Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері.....	5
Емтихан өткізу тәртібі.....	5
Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны.....	6
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан – Орындаушылық шеберлік).....	7
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан – Үйымдастыру-қоюжұмысының негіздері).....	8

1. Нормативтік база

Осы бағдарлама келесі нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- 1.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 1.3. «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 600 бұйрығы.
- 1.4. Университет жарғысы

2. Жалпы ережелер

2.1 Шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламаларының тізбесі жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.2 Университетке қабылдау кезінде қабылдау комиссиясының төрағасы азаматтардың КР заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуын, қабылдау комиссиясы жұмысының жариялышы мен ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеттері мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін, қабылдау комиссиясы басшылығының қабылдауды өткізуіндін барлық кезеңдерінде қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасына түсуші тұлғалар А.Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихандарды тапсырады.

«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасына түсетін жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының түлектері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері үшін екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ бойынша келесі пәндердің балдары ескеріледі: Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі).

«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсетін, жоғары білім кадрларын даярлаудың сабактас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін, мемлекеттік білім гранттарын тағайындау кезінде конкурсқа катысуға ńиет білдіргендер бір шығармашылық емтихан бойынша жинаған ұпайлары есепке алынады: орындаушылық шеберлік, сондай-ақ ҰБТ пәні бойынша: Қазақстан тарихы.

«6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының ақылы негізіне түсетін, жоғары, сондай-ақ жоғары білім кадрларын даярлаудың сабактас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін әнгімелесу жүргізіледі.

2.3 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау университетте ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 10 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

2.4 Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі.

2.5 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуга қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.6 Орта білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихандар 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: «Орындаушылық шеберлік», «Ұйымдастыру-қою жұмысының негіздері».

2.7 Жоғары білім кадрларын даярлаудың сабактас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне конкурсқа қатысуши гранттар үшін арналған шығармашылық емтихан «Орындаушылық шеберлік» 1 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі.

2.8 Жоғары білімі бар адамдар үшін әңгімелесу өткізіледі. «6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасына қабылдау шығармашылық емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.

3. Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері

3.1 Шығармашылық емтихандардың мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің болуын және шығармашылық бағыттағы кәсіпті игерудің жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

3.2 «6B11104 Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының шығармашылық емтиханының міндеті талапкердің шығармашылық деректерін, актерлік қабілеттерін, стиль сезімін, мәдениетін, актерлік шеберлігін, сондай-ақ эрудицияны, теориялық білімді, аналитикалық ойлауды бағалау қажеттілігіне негізделген.

4. Емтихан өткізу тәртібі

4.1 Шығармашылық емтихан кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді, құжаттарды қабылдау кезінде тұсушілердің назарына жеткізіледі.

4.2 Бір шығармашылық емтиханның ұзақтығы – 4 академиялық сағат.

4.3 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде осы ережелерді сактауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

4.4 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

4.5 Талапкер шығармашылық емтиханга кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкерлер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын енгізіледі.

4.6 Талапкерді шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын күэландыратын құжатты және құжаттарды қабылдау туралы қолхатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

4.7 Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде орыннан орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, мобиЛЬДІ байланыс құралдарын енгізуге жол берілмейді.

4.8 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істей, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспей; 2) аудитория бойынша жүрмеу; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

4.9 Осы ережелерді бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парагында емтихан алушылардың колдарымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады. Бұл жұмыс жойылады.

4.10 Дәлелді себеппен емтиханға кешігіп келген немесе келмеген жағдайда, талапкер жазбаша өтініш және шығармашылық емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсыну негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шенберінде шығармашылық емтиханға басқа уақытта жіберіледі. Шығармашылық емтиханды өткізіп жіберудің дәлелді себебі: 1) талапкердің ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен ауру туралы анықтаманы ұсынумен расталады); 2) төтенше жағдай, 3) форс-мажор (анықтамамен расталады).

4.11 Шығармашылық емтиханға дәлелді себептермен келмеген тұлғаларға шығармашылық емтихан тапсыру мерзімінен кешіктірілмей қосымша белгіленген күні келуге рұқсат етіледі.

4.12 Дәлелді себепсіз шығармашылық емтихандарға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

4.13 Шығармашылық емтихандарға қайта катысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.14 Шығармашылық емтиханның нәтижелері бағалау парагында және пән комиссиясының хаттамасында ресімделеді. Бағалау парактары мен емтихан қабылдаушылардың және пән комиссиясы төрағасының колдары койылған бағалар мен хаттамалар нәтижелерді жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

4.15 Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

4.16 Шығармашылық емтихандарды бағалау кезінде талаптардың сақталуын және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, шығармашылық емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір ЖОО-да апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.17 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

5. Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны

5.1 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2 Қыскартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың сабактас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады. «6B11104 Актөрлік шеберлік және театрландырылған

қойылымдарды үйимдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша 2 шығармашылық емтихан өткізіледі: Орындаушылық шеберлік (бірінші шығармашылық емтихан), Үйимдастыру-қою жұмысының негіздері (екінші шығармашылық емтихан).

5.3 Орта білім беру үйимдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихандар 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: Орындаушылық шеберлік (бірінші шығармашылық емтихан), Үйимдастыру-қою жұмысының негіздері (екінші шығармашылық емтихан) және 50 балдық жүйе бойынша бағаланады, онын ішінде әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

5.4 Жоғары білім кадрларын даярлаудың сабактас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихан «Орындаушылық шеберлік» 1 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады, кемінде 5 балл жинау қажет.

5.5 Жоғары білімі бар адамдар үшін әңгімелесу өткізіледі.

5.6 «Өте жақсы» деген баға мына жағдайда қойылады, егер: талапкер жарқын шығармашылық деректерді, актерлік кабілеттерін, стиль сезімін, орындаушылық шеберлік мәдениетін көрсетсе. Ауызша емтиханда талапкер шығармашылық эрудицияны, теориялық білімді, аналитикалық ойлауды көрсетуі көрек.

5.7 «Жақсы» деген баға мына жағдайда қойылады, егер: талапкердің орындауы мазмұнды болса, авторлық немесе әдеби мәтін дұрыс оқылса, стильдік жагынан сәйкес келсе. Бірақ сонымен бірге, ол техникалық еркіндікті көрсетпейді, орындау әртүрлілігімен және сапасымен ерекшеленбейді. Ауызша емтихан кезінде талапкердің білімі накты, материалды ұсынудың логикасы айқын және сенімді. Бірақ сонымен бірге ол театр өнері мен бос уақыт қызметінің тарихы мен теориясы мәселелерінде әлсіз бағдарланған, тұжырымдамада тәуелсіз емес, жүйелі ойлауды білмейді.

5.8 «Қанағаттанарлық» деген баға, егер талапкер: орындалатын шығармалардың стилі мен мазмұнын нашар түсінуді, дикцияны менгеруді, окудуың мәнерлілігінің жеткіліксіздігін (интонация, есту, сөз тіркесі, ыргак) көрсетсе қойылады. Ауызша емтихан кезінде құбылыстарды, шығармаларды талдау дағдыларының әлсіздігі; материалды ұсынуда логиканың жеткіліксіздігі; театр өнері мәселелері бойынша білімнің жеткіліксіздігі көрінеді.

5.9 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға, егер талапкер: ұстамдылықтың, бастамашылықтың жоқтығын, мәнерліліктің техникалық және көркемдік құралдарын нашар менгергендігін, бағдарламаның түсу үшін қажетті деңгейге сәйкес еместігін көрсетсе қойылады.

6. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан – Орындаушылық шеберлік)

6.1 Жалпы орта (орталық) білім беру үйимдарының түлектеріне, сондай-ақ жоғары білім беру үйимдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.1.1. Шығармашылық бағдарламаны орындау: өлеңді, монологты, әдеби-көркем шығармадан үзінді жатқа оқу;

6.1.2 Актерлік деректерді анықтау, прозадан үзінді оқу;

6.1.3 Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарастарын, театр өнері саласындағы эрудициясын анықтау.

6.2 Жалпы орта (орталық) білім беру үйимдарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ өнер мектебі, Музыка және педагогикалық колледж базасында жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.2.1 Таңдау бойынша шығармаларды музыкалық аспапта орындау; талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарасын,

театр өнері саласындағы эрудициясын; мәдени-демалыс жұмысы саласындағы білімін анықтауға арналған кеңейтілген коллектиум.

6.3 Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

6.3.1 Емтихан бағдарламасында қазақстандық және шетелдік авторлардың әдеби-көркем шығармалары ұсынылуы тиіс.

6.3.2 Бағдарлама мәтінге және авторлық нұсқауларға дәл сәйкес орындалуы керек.

6.3.3 Бағдарламаның орындалуы талапкердің әртурлі стильдер мен бағыттарды бағдарлау білімі мен дағдыларын айқындауы тиіс.

6.3.4 Бағдарламаның орындалуы тиісті мінез-құлық мәдениетімен, кәсіби шоғырлануымен, ерікті қасиеттерінің көрінісімен және әртістігімен сақналық қойылымға сәйкес келуі тиіс.

6.3.5 Орындаудың әртістігі, көркем образды жеткізе білу, дикцияны менгеру, көркем ойлаудың, көркемдік орындаудың болуы бағаланады.

7. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан – Ұйымдастыру-қою жұмысының негіздері)

7.1 жалпы орта (орта жалпы білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

7.1.1. Көркемдік қабілеттерін анықтау.

7.1.2. Ритмикалық, декламациялық, музикалық қабілеттерді анықтау, қозғалыс пластикасының болуы, би қабілеттері.

7.1.3. Көркем және поэтикалық жадтың болуын анықтау.

7.2 Өнер мектебі, театр студиялары, музика және педагогикалық колледж базасында жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

7.3. Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

7.3.1 қабылдау емтиханының бағдарламасы шығармашылық емтихандардың талаптарына сәйкес келуі керек.

7.3.2. Көркемдік, музикалық, би қабілеттерінің болуы бағаланады.